



Автор: Рахметова Гульбакит Алпысбаевна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Натурал сандардың бөлінгіштігі

Тақырып: Натурал сандардың бөлгіштері мен еселіктері.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	1. 5.1.1.5 натурал санның бөлгіші мен еселігі анықтамаларын білу; 5.1.2.8 натурал сандардың бөлгіштерін табу; 5.1.2.9 натурал сандардың еселіктерін табу;
Сабақтың мақсаты:	1. Барлық оқушылар: Натурал сандардың бөлгіштері мен еселіктерін анықтай алады. Көптеген оқушылар: Сандардың ортақ бөлгіштері мен сандардың ортақ еселіктерін таба алады. Кейбір оқушылар: Натурал сандардың ортақ бөлгіштері мен сандардың ортақ еселіктерін түсіндіре алады.
Тілдік мақсаттар:	1. Натурал сандардың бөлінгіштігі. Натурал сандардың бөлгіштері. Натурал сандардың еселіктері. Сандардың ортақ бөлгіштері, еселіктері
Күтілетін нәтиже:	1. Натурал санның бөлгіштері мен еселіктерін анықтайды. Сандардың ортақ бөлгіштерін табады. Сандардың ортақ еселіктерін табады.
Бағалау критерийлері:	1. Натурал санның бөлгіштері мен еселіктерін анықтайды. Сандардың ортақ бөлгіштерін табады. Сандардың ортақ еселіктерін табады.
Құндылықтарды дарыту:	1. Сын тұрғысынан ойлауға, жауапкершілік, сыйластық, өзара қарым-қатынас жасау және өмір бойы білім алу құндылықтарын қалыптастыру.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	1. Интербелсенді тақтадан фильм көру.
Пәнаралық байланыс:	Жаратылыстану, математика
Бастапқы білім:	Натурал сандарды көбейту және бөлу. Сандардың бір-бірінен есе кем, есе артық екенін біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (4 минут)	Психологиялық ахуал: Шаттық шеңбері. Шаттық шеңберіне тұрып оқушылар өздері қолдарынан ұстау арқылы алақандарын тигізіп, бір-біріне жақсы тілек айтады. Шағын топтарға біріктіру. Тақ сандар мен жұп сандар жазылған стикерлер арқылы шағын топтарға біріктіру	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28 минут)	1. Бейне жазба: 5e1fef731722.png Image not found or type unknown Натурал сандардың бөлгіштері мен еселіктері 5e1feff94d3e0.png Image not found or type unknown Натурал сандардың бөлгіштері мен еселіктері. 1-жаттығу. / 1 – топ/ Сандарды олардың еселіктерімен байланыстырыңыз. 5e1ff01a04240.png Image not found or type unknown Дескриптор: -Сандардың еселіктерін анықтай алады. -Сандардың ортақ еселіктерін анықтай алады. 4-жаттығу. /2- топ/ Берілген сандардың бөлгіштерін таңдаңыз 5e1ff05254a4f.png Image not found or type unknown Дескриптор: - Берілген сандардың бөлгіштерін анықтай алады. -Берілген сандардың ортақ бөлгіштерін анықтай алады Басбармақ» тәсілі арқылы бағалау. 5e1ff07fba51d.png Image not found or type unknown Бүгінгі бейне жазбалардан нені көрдіңдер? Жаттығулардан нені байқадыңдар ? Олай болса , бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы екен? (Сабақтың тақырыбын оқушылар ашып айтады.) Ережелерімен танысты. 1-тапсырма а)3, 7, 10, 15 , 18 ,30 ,84 сандарының ішінен 1)21 –дің бөлгіштерін ; 2)90 – ның бөлгіштерін ; 3)2- нің еселіктерін ; 4)5- тің еселіктерін теріп жазыңдар. Дескриптор: -Берілген сандардың бөлгіштерін таңдайды. -берілген сандардың еселіктерін таңдайды. б)18 асықты асық саны өзара тең болатындай неше тәсілмен үймелерге бөлуге болады ? Әрбір үймеде неше асықтан болуы мүмкін? Дескриптор: - Берілген санның бөлгіштерін таңдайды. - Әрбір үймеде неше асықтан болатынын дұрыс анықтайды. в) Әуелде аялдамаға автобус пен троллейбус қатар тоқтады. Автобус аялдамаға 1 сағ 30 мин уақыт өткен сайын бір келіп тұрса , троллейбус 1 сағ уақыт өткенде қайтып келіп тұрады. Автобус пен троллейбус аялдамада қанша уақыттан соң бір- бірімен кездесіп отырады ? Дескриптор: -Мәтіндік есептің мазмұнын оқып түсінеді. -Мәтіндік есептің берілген қысқаша жазады. - Сағатты минутқа дұрыс айналдыра алады. - Сандардың ең кіші еселігін анықтай алады. - Минутты сағатқа дұрыс айналдыра алады. -Жауабын жазады. (ҚБ) Жұпта дәптерлерін алмастыру арқылы дескриптормен (баллдық жүйемен) бағалайды. Сергіту сәті. «Көңілді күн» Жүппен жұмыс : «Ойлан , тап !» ойыны № 177 1)45-ке бөлгіш және 5- ке еселік; 2)92-ге бөлгіш және 23-ке еселік 3)120-ға бөлгіш және 30-ға еселік ; 4)34- ке бөлгіш және 17- ге еселік сандарды жазыңдар. Дескриптор: -Берілген санның ортақ бөлгіші мен еселігін анықтайды. - Берілген санның ортақ бөлгіші мен еселігін жазады. ҚБ: «Бағдаршам» тәсілі арқылы бағалау	

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (8 минут)	1. «Ыстық орындық» әдісі арқылы сабақтың қорытын-дылау. Рефлексия: «Тазалық» 	
Рефлексия	1. Сабақ мақсаттары/ оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?	